

СУ ҚАУІПСІЗДІГІ: ФОРСАЙТ-ЗЕРТТЕУЛЕР ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

С.Қ. Әлімқұлов *г.ғ.к.*, Л.К. Махмудова* *г.ғ.к.*

«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ, Алматы, Қазақстан
E-mail: makhmudovalk@gmail.com

Қазіргі әлемде су қауіпсіздігі мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие болуда. Әлемдік қоғамдастық алдында су көздерінің ластану қаупі, климаттың өзгеруі, экожүйелердің тұрақсыздығы және су ресурстарын тиімсіз басқару сияқты күрделі міндеттер тұр. Бұл мәселелерді шешу тек шұғыл шараларды ғана емес, сонымен бірге болашақта су қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті ұзақ мерзімді стратегияларды қажет етеді. Ғылыми-зерттеу жұмысы форсайт-зерттеу әдістерін пайдалана отырып, су қауіпсіздігі саласындағы заманауи мәселелерге және оларды шешудің ықтимал стратегиялық шешімдеріне талдамалық шолуды ұсынады. Мақалада қазіргі әлемдегі су ресурстарының алдында тұрған өзекті қауіптер мен сын-қатерлерге назар аударылып, осы саладағы форсайт-зерттеулер әдістерін қолданудың артықшылықтары мен тиімділігі талқыланады. Жүргізілген ғылыми зерттеулер аясында су шаруашылығы саласындағы ағымдағы жағдайды талдау және ықтимал өзгерістерді болжау арқылы болашақта су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық жоспарлаудың негізгі бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: су қауіпсіздігі, форсайт-зерттеулер, су ресурстарын басқару, тұрақты даму, тұжырымдама.

Қабылданды: 30.04.24

DOI: 10.54668/2789-6323-2024-114-3-114-128

КІРІСПЕ

Су ресурстары Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) жүзеге асыруда негізгі орынды алады. Дүниежүзілік су кеңесі қауіпсіз суға қол жеткізуді барлық ТДМ-ын жүзеге асыру үшін қажетті шарт деп санайды. Сондықтан суды өзіндік құнды ресурс ретінде ғана емес, сонымен бірге азық-түлік немесе энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу, өмір сүру құралдарын жақсарту, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту, аурулардың алдын алу, экожүйелерді қорғау, жаһандық өзгерістерге немесе басқа да көптеген салаларға төзімділікті арттыру, дамудың барлық басқа бағыттарын жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде қарастыру қажет (Braga B., 2018). Мұндай түсінік жалпы адам өмірінің қауіпсіздігімен тығыз байланысты, бұл әлемдегі су қауіпсіздігі мәселелеріне деген қызығушылықтың артуынан көрінеді.

Су қауіпсіздігі негізгі мақсаты су ресурстарын басқаруды қамтитын тұжырымдаманы білдіреді (Van Beek E. and

Arriens W.L., 2014). Соңғы онжылдықтарда көптеген пікірталастар мен тақырыптық басылымдардан тұжырымдама әлі де дамып келетінін, жалпы қабылданған тұжырымдамалық және теориялық негізі жоқ екенін байқауға болады. Қолданыстағы су қауіпсіздігі тұжырымдамаларының көбісі субъективті, ғалымның көзқарасы мен мүдделеріне, нақты бағдарламаларға байланысты (Chiluwe Q.W. and Claassen M., 2020). Дегенмен, су қауіпсіздігі қарқынды дамып келеді, дамудың императиві ретінде су қауіпсіздігі туралы жалпы түсінік артып келеді. Өртүрлі анықтамалар жалпы негізгі құрамдас бөліктерді құрайды: су ресурстарының жеткілікті және сенімді болуын қамтамасыз ету; сумен байланысты қауіптерді азайту (Van Beek E. and Arriens W.L., 2014; Chiluwe Q.W. and Claassen M., 2020; Medeu A.P. және т.б., 2016; Grey D. and Sadoff C.W., 2007; Water Security..., 2013; Abbas F. et al., 2023; Gerlak A.K. et al., 2023; Quandt A. et al., 2022).

Демек, су қауіпсіздігі нәтижелерге

көбірек көңіл бөледі және осылайша су ресурстарын интегралды басқару тұжырымдамасынан ерекшеленеді (Van Beek E. and Arriens W.L., 2014). Су қауіпсіздігі тұжырымдамасын іс жүзінде қолдану әлі де шектеулі, СРИБ (су ресурстарын интегралды басқару) көптеген елдерде тек басшылық қағидаттары ретінде үлкен қиындықтармен жүзеге асырылуда. Дегенмен, жақын болашақтағы су қауіпсіздігінің мақсаттарымен байланыстыра отырып, су ресурстарын басқаруға интегралды көзқарас қоғам мен су арасындағы қарым-қатынасты кең мағынада дамытудың негізгі бағдары болып табылады. Ал бұл қарым-қатынастардың негізгі принциптері мен тәсілдері және олардың жалпыадамзаттық мақсаттары – Тұрақты даму мақсаттары тұрғысынан дамуы талдаудың, түсінудің және болжаудың, ең бастысы, іс-әрекетке арналған нұсқаулықтарды әзірлеудің негізі болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғылыми мақаланы жазудың әдіснамалық негізі түрлі ғылыми басылымдарда (Scopus және Web of Science ғылыми дерекқорларының халықаралық рецензияланатын журналдары, БҰҰ-ның су ресурстары туралы баяндамалары, Дүниежүзілік Банктің су қауіпсіздігі және тұрақты даму бойынша есептері, су қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық және аймақтық стратегиялары) жарияланған форсайт-зерттеулер саласындағы ғылыми жұмыстар болды. Бұл жұмыста қолданылған зерттеу әдістері келесідей:

– тиісті зерттеулерді іздеу – Scopus және Web of Science ғылыми дерекқорларындағы материалдарды іздеу кезінде қолданылды;

– мазмұнды талдау әдісі – әдебиеттерге жүйелі шолу жасауда және ғылыми мақалаларды, баяндамаларды және стратегияларды тестілік талдауда су қауіпсіздігі мәселелері мен форсайт-зерттеу мәселелерін шешуде негізгі әдістерін анықтауда қолданылды;

– мета-анализ әдісі – су қауіпсіздігі саласындағы форсайт-зерттеулер бойынша бірнеше тәуелсіз зерттеулердің нәтижелерін біріктіру, су ресурстарын дамытудың болашақ сценарийлерімен байланысты жалпы

тенденцияларды анықтауда қолданылды;

– статистикалық талдау – су қауіпсіздігін басқарудың түрлі стратегиялары мен тәсілдерінің тиімділігін бағалауда қолданылды;

– SWOT талдаудың кешенді әдісі – түрлі су қауіпсіздігі стратегияларының күшті және әлсіз жақтарын бағалауда қолданылды;

– PESTEL кешенді талдау әдісі – су қауіпсіздігіне әсер ететін саяси, экономикалық және экологиялық факторларды талдауда қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Соңғы онжылдықтарда су ресурстарының күрделі мәселелері айқындала түсті. Әлемдік ауқымдағы су балансының жай-күйі ең жоғары «қауіптілік деңгейін» көрсетуі мүмкін (Бойкова М.В., Крупникова Д.Б., 2010). Халық санының көбеюі, ауыл шаруашылығында суды тұтынудың артуы және климаттың өзгеруі су ресурстарына айқын қысым жасауда. Бұл мәселенің мойындау және оны шешу үшін әрекет ету қажеттілігі барған сайын өзекті бола түсуде. Бұл мәселені шешудің негізгі аспектілерінің бірі су экожүйелерін тиімді пайдалану мен қорғауды қоса алғанда, су ресурстарын тұрақты басқару болып табылады.

Су қауіпсіздігі – бұл су ресурстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және оларды тұрақты басқарудың әртүрлі аспектілерін қамтитын тұжырымдама. Су қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөліктеріне мыналар жатады: судың жеткілікті мөлшері мен сапасын қамтамасыз ету; су тасқыны қаупін азайту; құрғақшылық қаупін азайту; судың ластануын болдырмау; су ресурстарын бірлесіп басқару. Демек, су қауіпсіздігі қоршаған орта үшін ғана емес, сонымен бірге экономиканың тұрақтылығы мен әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін де маңызды. Суды интегралды басқару процестерінде жүзеге асырылатын адаптивті басқару әр түрлі деңгейдегі су қауіпсіздігіне қол жеткізудің шешуші факторы болып табылады (Van Beek E. and Arriens W.L., 2014).

Зерттеулерге сәйкес (Медеу А.Р. және т.б., 2012), су қауіпсіздігі деп қоғамның өмірлік маңызды мүдделерінің (адам денсаулығы, тіршілік ету ортасы, өндіріс)

гидрологиялық қауіптерден қорғалуының жай-күйін түсіну керек, әрі қарай мәтін бойынша ... «суға тәуелді табиғи және антропогендік құбылыстар мен процестер, сондай-ақ белгілі бір жағдайларда қоғамға зиян келтіруі мүмкін су объектілерінің қасиеттері (ағын көлемінің азаюы, ағын режимінің өзгеруі, ағын сапасының нашарлауы) гидрологиялық қауіптер деп түсініледі».

Маңыздысы, су қауіпсіздігіне қатысты нақты тәсілдер уақыт өте келе өзгеруі мүмкін және оларға әртүрлі факторлар, соның ішінде саяси өзгерістер мен жаһандық экологиялық сын-қатерлер әсер етуі мүмкін. Мемлекеттік жүйе мен саясат су қауіпсіздігі саласындағы стратегиялар мен шешімдерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әрбір елдің су ресурстарын басқарудың өзіндік тәжірибесі мен әдістері бар, ал су қауіпсіздігін бағалау саясатты, мәдени ерекшеліктерді және географиялық орналасуды қоса алғанда, көптеген факторларға тәуелді (Abbas F. et al., 2023; Gerlak A.K. et al., 2023; Quandt A. et al., 2022).

Су қауіпсіздігі – бұл таза және қауіпсіз суға қолжетімділікті қамтамасыз етудің, су ресурстарын басқарудың және су қатерлерінен қорғаудың әртүрлі аспектілерін қамтитын тұжырымдама. Су қауіпсіздігін шешу тәсілдері елдің мемлекеттік жүйесі мен саясатына байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін:

I. Орталықтандырылған және авторитарлық тәсіл. Қытай, Солтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Түркіменстан сияқты орталықтандырылған басқару күшті елдерде мемлекет су ресурстары саласында негізгі шешімдерді қабылдай алады. Бұл тәсіл суды пайдалануды қатаң реттеуге, мониторингке және бақылауға бағытталған. Мемлекет су ресурстарын басқару үшін бөгеттер мен каналдар сияқты ірі инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция сала алады.

II. Орталықтандырылмаған және либералды тәсіл. Еуропалық Одақтың кейбір елдері сияқты либералды саясаты бар елдерде басты назар нарықтық механизмдерге және жеке қатысуға ауысуы мүмкін. Аталған тәсіл су секторындағы бәсекелестікті, инновацияларды және жеке инвестицияларды ынталандыруға бағытталған. Мемлекет

реттеуші рөлін атқара алады, құқықтық және экологиялық сенімділікті қамтамасыз ете алады.

III. Икемді немесе аралас тәсіл. Көптеген елдер су ресурстарын басқаруда орталықтандыру және орталықсыздандыру элементтерін біріктіре алады. Бұл тәсіл мемлекеттің мүдделерін де, жергілікті қоғамдастықтар мен жеке компаниялардың қажеттіліктерін де ескере алады. Мемлекет әртүрлі мүдделі тараптар арасында реттеуші және үйлестіруші рөлін атқара алады.

Су ресурстарын басқаруда мемлекеттің толық қатысуы бар елдерде су қауіпсіздігінің оң және теріс аспектілері болуы мүмкін. Жағымды жақтары:

– тиімді басқару (мемлекеттік басқару су ресурстарының тиімді бөлінуін және бақылануын қамтамасыз ете алады, осылайша су тапшылығының алдын алуға және жоюға ықпал етеді);

– қоршаған ортаны қорғау (мемлекет су экожүйелері мен биоәртүрлілікті қорғаудың қатаң ережелері мен стандарттарын жүзеге асыра алады);

– инфрақұрылым (мемлекеттің қатысуы көбінесе маңызды су инфрақұрылымын құруға ықпал етеді: бөгеттер, каналдар және сумен жабдықтау жүйелері).

Жағымсыз аспектілер: билікті орталықтандыру (үкіметтің толық араласуы биліктің орталықтандырылуына әкелуі мүмкін, бұл жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктері мен мүдделерін әрдайым ескере бермеуі мүмкін); бюрократия (тым көп бюрократия мен шектеулер шешім қабылдау мен жаңа технологияларды енгізу процестерін баяулатуы мүмкін); инновацияларды тежеу (кейбір жағдайларда мемлекеттік реттеудің тым қатаңдығы суды тиімді басқарудағы инновациялар мен дамуды тежеуі мүмкін).

Су ресурстарын басқаруға либералды көзқарасы бар елдерде, әдетте, мемлекеттің аз араласу принципі сақталады, ал су ресурстарын нарықтық және жеке субъектілер белсенді түрде реттей алады. Мұндай елдердегі су қауіпсіздігінің маңызды аспектілеріне мыналар жатады:

– нарықтық бәсекелестік (жеке компаниялар мен субъектілер су ресурстарын

басқару мен бөлуге көбірек қатыса алады, бұл бәсекелестік пен тиімділікті арттыруға ықпал етуі мүмкін);

– инновациялар және инвестициялар (либералдық саясат су саласындағы инвестициялар мен инновацияларды ынталандыруы мүмкін, бұл су ресурстарын басқарудың жаңа технологиялары мен әдістерінің дамуына ықпал етеді);

– нарықтық қатынастарға негізделген реттеу (нарықтық тетіктер су ресурстарын пайдалануды, оның ішінде баға белгілеуді және су квоталарымен сауданы реттеу үшін қолданыла алады).

Дегенмен, либералдық көзқарастың жағымсыз жақтары да болуы мүмкін, мысалы, суды басқарудың әлеуметтік және экологиялық аспектілеріне жеткіліксіз назар аудару ықтималдығы, сондай-ақ монополиялану қауіптерді және жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін жеткіліксіз қорғау. Еркін нарық пен суды үнемдеу және барлық азаматтардың суға қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Су саласындағы жоспарлы шаруашылық тұрақты пайдалануды және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су ресурстарын стратегиялық жоспарлау мен басқаруды көздейді. Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады:

Су ресурстарын дамыту жоспары – аймақтағы су ресурстарының қалай пайдаланылатынын және сақталуын анықтайтын ұзақ мерзімді жоспар құра отырып, бұл жоспарға бөгеттер салу, су қоймаларын құру және су ағынын реттеу бойынша іс-шаралар кіруі мүмкін.

Сумен жабдықтау және суды тазарту жоспары – барлық азаматтарды таза ауыз сумен қамтамасыз етудің стратегиялық жоспарын әзірлеу, бұл жоспарға сумен жабдықтау инфрақұрылымы мен тазарту имараттарын салу және жаңарту кіруі мүмкін.

Климаттың өзгеруіне бейімделу жоспары – су жүйелерін ықтимал өзгерістерге бейімдеу жоспарын әзірлеу атмосфералық жауын-шашын, ауа температурасында өзгермелі климаттық жағдайларды ескере отырып, су ресурстарын үлестіру.

Құрғақшылықпен күресу жоспары –

құрғақшылықтан зардап шегетін аймақтарда суды үнемдеуді, қайта өңдеуді және суару тәжірибесін жақсартуды қоса алғанда, қолда бар су ресурстарын тиімді пайдалану жоспары жасалуы мүмкін.

Су экожүйелерін қорғау жоспары – өзендерді, көлдерді және су экожүйелерін ластанудан және деграляциядан қорғауға арналған іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру, оның ішінде қорықтар құру және табиғи су ресурстарын пайдалануға шектеулер қою.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар жоспары – су тасқыны қаупін басқару стратегиясын әзірлеу, оның ішінде қорғану имараттарын салу, өзендерді реттеу, ескерту және алдын алу жүйелерін енгізу.

Мониторинг және бақылау жоспарлары – судың сапасын, су ресурстарының мөлшерін және нормативтік құқықтық актілердің сақталуын, сондай-ақ су ережелері мен заңдарының сақталуын бақылауды үздіксіз жүргізу жоспарларын құру.

Бұл жоспарлар мемлекеттік деңгейде де, аймақтық деңгейде де әзірленуі мүмкін және олар су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халық пен экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су ресурстарын тұрақты және тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Либералды мемлекеттік жүйемен су шаруашылығы саласындағы стратегияларды тұжырымдамалық жоспарлау нарықтық механизмдерге бағдарлауды, жеке қатысуды және инновацияларды, сондай-ақ су ресурстарын тиімді және орнықты пайдалануға ұмтылуды қамтиды. Мұндай ортадағы тұжырымдамалық жоспарлаудың негізгі аспектілері:

1. Либералдандыру және нарықтық бағдар. Стратегияларды әзірлеу нарықтық экономика қағидаттарын ескеруді және су қызметтері нарығында бәсекелестікке жағдай жасауды қамтиды. Бұл жеке инвестицияларды тартуды және баға белгілеу тетіктерін әзірлеуді қамтуы мүмкін.

2. Инновациялар және технологиялық даму. Су саласының стратегиялары су ресурстарын басқарудың жаңа технологиялары мен әдістерін енгізу мүмкіндіктерін ескеруі керек. Инновациялар тиімділікті арттыруға және суды тұтынуды азайтуға көмектеседі.

3. Стратегиялық жоспарлау. Климаттың өзгеруі, халық санының өсуі және су ресурстарының өзгеруі сияқты ағымдағы және болашақтағы қиындықтарды ескеретін ұзақ мерзімді стратегияларды әзірлеу. Бұл стратегиялар су ресурстарын басқарудың басымдықтары мен мақсаттарын анықтауы керек.

4. Реттеу және стандарттау. Мемлекеттік органдар су қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету және су экожүйелерін қорғау үшін нормалар мен стандарттарды әзірлеуі керек. Сондай-ақ заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылау үшін реттеуші тетіктер белгіленуі керек.

5. Мүдделі тараптардың қатысуы. Тұжырымдамалық жоспарлау қоғамның, жеке компаниялардың және жергілікті қоғамдастықтардың қатысу процесстерін қамтуы керек. Бұл әртүрлі қызығушылықтар мен қажеттіліктерді ескеруге ықпал етеді.

6. Су ресурстарын үнемдеу және тұрақтылық. Стратегиялардың маңызды құрамдас бөліктері суды үнемдеу, пайдалану тиімділігін арттыру және су жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары болып табылады.

Су саласының либералды мемлекеттік жүйесі мемлекет пен жеке сектордың белсенді ынтымақтастығын, сондай-ақ инновациялар мен нарықтық қағидаттарға бағдарландыруды көздейтінін атап өту маңызды. Бұл су ресурстарын икемді және адаптивті басқаруға ықпал етуі мүмкін, және басқалардың бәріне стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету және әлеуметтік мүдделерді ескеру үшін мұқият реттеу мен қадағалауды талап етеді.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әмбебап шешім жоқ және тәсілдер нақты жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге бейімделуі керек, өйткені физикалық және экономикалық жағдайлар үнемі өзгеріп отырады, сондықтан су ресурстарын басқару жүйелерінің бейімделуге және өзгеруге қабілетті болуы маңызды. Демек, су қауіпсіздігі, әсіресе халық санының болжамды өсуі мен климаттың өзгеруін ескере отырып, болашақ үшін басты басымдықтардың бірі болып қала береді (Van Beek E. and Arriens W.L., 2014).

Су саласының негізгі проблемалары, осы тұжырымдама тұрғысынан, аймақ пен елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін, бірақ

келесі негізгі аспектілерді қамтиды:

– Су тапшылығы мәселесі. Барлығына суға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым мен ресурстарды жақсартуды талап ететін су қауіпсіздігінің негізгі мәселесі.

– Климаттың өзгеруі құрғақшылық пен су тасқыны сияқты жиі және қарқынды табиғи апаттарға әкелуі мүмкін, бұл судың қолжетімділігі мен басқарылуына әсер етеді.

– Траншекаралық су айдындарын пайдалану мен басқаруға байланысты елдер мен аймақтар арасындағы трансшекаралық су қақтығыстары.

– Су көздерінің ластануы судың сапасына кері әсерін тигізіп, адам денсаулығы мен экожүйелерге қауіп төндіреді.

– Инфрақұрылымның, оның ішінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жеткіліксіздігі су қызметтері мен санитарлық-гигиеналық қондырғыларға қол жетімділіктің болмауына әкелуі мүмкін.

– Су экожүйелерінің тұрақтылығы. Даму және индустрияландыру су экожүйелеріне зиянын тигізуі мүмкін, бұл биоәртүрлілік пен экологиялық тұрақтылыққа әсер етуі мүмкін.

– Су тасқыны қауіпін басқару. Су тасқыны адамдардың өмірі мен мүлкіне үлкен зиян келтіруі мүмкін, ал су тасқыны қауіпін басқару инфрақұрылым мен жоспарлауға инвестицияларды қажет етеді.

– Су ресурстарын үнемдеу. Ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және қалаларда суды пайдалану су ресурстарын үнемдеуді және тиімді пайдалануды жақсартуды талап етеді.

Су қауіпсіздігі мәселелерін шешуде тұщы су тапшылығын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін шаралар қабылдау қажет екенін ескеру қажет: су ресурстарына жүктемені азайту және тұщы су ресурстарын арттыру. Су ресурстарына түсетін жүктемені азайту мыналарды қамтиды: суға экологиялық сұранысты нормалау, экономика салаларында суды үнемдеу; тұщы су ресурстарының ұлғаюына мыналар жатады: мемлекетаралық су қатынастарын жетілдіру, өзен ағындысын көпжылдық және маусымдық реттеу, тұщы судың жер асты қорларын пайдалану, тұзды сортаңды суларды тұщыландыру, жа-

уын-шашынды жасанды көбейту, су ресурстарын бассейнаралық қайта үлестіру (Медеу А.Р. және т.б., 2012).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, су шаруашылығы саласында су ресурстарын тиімді басқаруға және су қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін көптеген белгісіздіктер бар деп айтуға болады:

1. Климаттың өзгеруіне қатысты белгісіздік: климаттың өзгеруі жауын-шашынға, температураға және су айналымына қалай әсер етеді - бұл болашақ су ресурстары мен су қауіптерін болжауды қиындатады.

2. Тұтыну және халық санының өсуі. Әлемнің әртүрлі аймақтарындағы суды тұтыну деңгейі мен халық санының өсуіндегі белгісіздік су ресурстарына сұранысты болжауды қиындатуы мүмкін.

3. Траншекаралық су бассейндеріне қатысты белгісіздік. Әр түрлі елдердің шекараларын кесіп өтетін су бассейндері қақтығыстардың қайнар көзіне айналуы мүмкін және басқаруда үйлестіру мен ынтымақтастықты қажет етеді.

4. Экономикалық белгісіздік су жобалары мен инфрақұрылымды қаржыландырудың қолжетімділігіне әсер етуі мүмкін.

5. Технологиялық өзгерістердегі белгісіздік. Суды өндіру, тазарту және пайдаланудың жаңа технологияларын дамыту су саласының динамикасын өзгертуі мүмкін.

6. Саяси тұрақсыздық және заңнамадағы өзгерістер су ресурстарын реттеу мен басқаруға әсер етуі мүмкін.

7. Экологиялық қауіптер. Су көздерінің ластануы және экожүйелердің өзгеруі сияқты экологиялық қауіптердің туындауына қатысты белгісіздік дағдарыстық жағдайларға дайындықты талап етеді.

8. Әлеуметтік факторлар. Әлеуметтік өзгерістер мен тұтынушылық әдеттердің өзгеруі су қызметтеріне сұранысқа әсер етуі мүмкін.

Су ресурстарын табысты басқару және су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы белгісіздіктерді ескеріп, өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын икемді стратегиялар мен жоспарларды әзірлеу қажет. Ол сондай-ақ су өнеркәсібіндегі әртүрлі мүдделі тараптар арасындағы мониторингтің, болжаудың және ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді.

Су шаруашылығы мәселелерін шешу мемлекеттер, жергілікті қауымдастықтар, жеке сектор және халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты талап етеді. Бұл тұрғыдағы негізгі құралдар су ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеу, инновациялар мен технологияларды енгізу, сондай-ақ экологиялық стандарттарды сақтау және суға қолжетімділікте әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылады (Доклад..., 2023).

Қазіргі әлемде әртүрлі салалардағы оқиғалар мен тенденциялар бір-бірімен болжанбайтын тәсілдермен өзара әрекеттеседі. Өзгермелі климат мәселесі сумен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтитын көптеген маңызды мәселелермен байланысты.

Кең мағынада форсайт – бұл ғылымның, техниканың, экономиканың және қоғамның ұзақ мерзімді перспективаларын бағалауға, стратегиялық зерттеу бағыттарын және ең үлкен әлеуметтік-экономикалық игіліктерді қамтамасыз етуге қабілетті жаңа технологияларды анықтауға бағытталған жүйелі әрекеттер.

Форсайт (Foresight) – саланың немесе облыстың болашақтағы дамуын зерттеуге және болжауға бағытталған әдістеме. Негізгі мақсат – су ресурстары және су шаруашылығы саласында неғұрлым негізделген стратегиялық шешімдерді қабылдау. Форсайттың тиімді жүйесі бұл жалпы үш кезеңнен тұратын ақпаратты қалыптастыру және басқару процесі: ақпаратты жинау; деректерді интерпретациялау және болашақтың әртүрлі нұсқаларының көріністерін беру; іс-әрекеттің стратегиялық нұсқаларын әзірлеу. Осылайша, форсайт бұл болашақтың орта және ұзақ мерзімді нұсқаларында туындауы мүмкін мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтайтын көрегендік процесі (Форсайт..., 2014). Сонымен қатар форсайт (foresight) – белгілі бір салаға немесе облысқа (бұл жағдайда – су саласына) әсер етуі мүмкін болашақ тенденцияларды, технологиялық өзгерістерді және оқиғаларды талдауға және болжауға бағытталған әдістеме белгісіздіктерді басқару үшін (Воронов Ю.П., 2010). Форсайт әдістемелерін қолдану мүмкіндіктері:

1. Су саласына қатысты негізгі мәселе-

лер мен белгісіздіктерді анықтау. Бұл климаттың өзгеруіне, су ресурстарына қолжетімділікке, технологиялық инновацияларға және басқа аспектілерге қатысты мәселелер болуы мүмкін.

2. Су саласындағы ағымдағы тенденциялар, сондай-ақ болашақта оған әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жасақтамалар туралы мәліметтер жинау. Бұл статистиканы, әдебиеттерді талдауды, сарапшылармен сұхбаттарды және т.б. қамтуы мүмкін.

3. Оқиғалардың дамуының әртүрлі нұсқалары мен белгісіздік деңгейлерін ескере отырып, болашақтың әртүрлі сценарийлерін әзірлеу.

4. Су саласындағы әлеуетті болашақ оқиғалар мен трендтер туралы сараптамалық бағалаулар мен пікірлер.

5. Стратегиялық басымдықтарды айқындау. Талдау мен сценарийлер негізінде белгісіздіктермен күресу және су өнеркәсібіндегі өзгерістерге бейімделу үшін қабылдануы мүмкін стратегиялық басымдықтар мен әрекеттерді анықтау.

6. Стратегияны мониторингілеу және қайта қарау. Форсайт – бұл үнемі жаңартылып отыруды қажет ететін процесс (жаңа деректер мен оқиғаларға негізделген стратегиялар мен жоспарларды қайта қарау).

Сондықтан, форсайт ұйымдар мен үкіметтерге су өнеркәсібінің қарқынды дамып келе жатқан ортасына бейімделуге және климаттың өзгеруіне, демографияға, технологияға және басқа факторларға байланысты әртүрлі белгісіздіктермен күресуге көмектесе алады.

Тарихи тұрғыдан қарағанда іс-әрекетке арналған нұсқаулықтарды немесе мемлекеттік басқару жүйесіндегі жоспарларды әзірлеуге өткен ғасырдың 30...50 жылдарынан бастап байыпты көңіл бөліне бастады. 2000 жылдарға дейін болжау технологияны дамытуға және оның әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әсеріне көбірек бағытталғанымен және осы болашақты қайта құруға мүмкіндік беретін әрекетке азырақ назар аударылғанымен, бұл кезең форсайт технологиясының қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Форсайт әдістемесінің XX ғасырдың екінші жартысында басталған ұзақ даму тарихы бар. Форсайт бағытындағы алғашқы

қадамдар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кезеңде (1940...1960 жж.) жасалған. Бұл кезде болашақты талдау мен болжаудың алғашқы әдістемелері негізінен әскери стратегия контекстінде пайда болды (АҚШ-тың әскери зерттеу орталықтары).

Келесі кезең 1960...1970 жылдар аралығын қамтиды, осы кезеңде форсайт жүйелі және ғылыми сипатқа ие болды. Ұйымдар стратегиялық жоспарлау және қауіптерді басқару (Дельфи әдісінің қолданылуын талдау туралы Жапонияның форсайт бағдарламасы) сияқты кеңірек мақсаттар үшін болжау әдістемелерін қолдана бастады. Осы кезеңде технологиялық болжаудың әдістері мен құралдары одан әрі дамыды: сандық бағалау әдістері, трендтерді экстраполяциялау, өсу модельдері, жол карталары, мониторинг және Дельфи сценарийлері (Пенькова И.В., Боднар А.И., 2017).

Үшінші кезең 1980...1990 жылдар аралығын қамтиды: форсайт академиялық және іскерлік қоғамдастықта танылды. Ол технологиялық инновациялар, экономика, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қоса алғанда, әртүрлі салаларға енгізіле бастады. Осы кезеңде экономикада базалық инновациялар кластері құрылды және қалыптасты.

1990 және 2000 жылдар аралығында форсайт зерттеулерімен және әдістемелерді әзірлеумен айналысатын әртүрлі ұйымдар мен ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Көптеген елдер форсайтты мемлекеттік басқаруға және ұлттық стратегияларды әзірлеуге енгізе бастады. Форсайтты мемлекеттік саясатта пайдаланудың мысалы ретінде сценарийлік жоспарлауды жүзеге асырған және 1993 жылы үкімет сценарийлік жоспарлауды ұзақ мерзімді стратегия мен саясатты әзірлеу құралы ретінде пайдалануды бекіткен Сингапурды қарастыруға болады (Форсайт..., 2014).

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың дамуымен және деректердің үлкен көлеміне қол жеткізумен форсайт экологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік-мәдени өзгерістер сияқты факторлардың кең ауқымын қарастыра бастады. Мысалы, Ұлыбританияның форсайт бойынша соңғы жобалары жаһандық ауқымдағы климаттың өзгеруін, қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат-

ты әзірледі, ұлттық қауіпсіздік, су қауіпсіздігі, азық-түлік қауіпсіздігі салаларында стратегиялық ұсынымдарды әзірледі қамтиды.

Форсайттың бүгінгі әдістемесі дамуын жалғастыруда және стратегиялық жоспарлауда, бизнесте де, мемлекеттік секторда да инновациялар мен өзгерістерді басқаруда маңызды рөл атқарады. Ол ұйымдарға тез өзгеретін ортаға бейімделуге және болашаққа болжам жасау негізінде неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Форсайт әдістемесі болашақты болжауға, атап айтқанда болашақта қандай оқиғалар, трендтер мен өзгерістер болуы мүмкін екенін талдауға және болжауға арналған. Бұл әдістеме стратегияларды әзірлеу, шешімдер қабылдау және ұйымдарды ұзақмерзімді перспективада өзгерістерге дайындау үшін қолданылады. Форсайт деректерді жүйелі талдауды, сценарийлік модельдеуді және жақсырақ ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін әртүрлі болашақ сценарийлердің ықтималдығын бағалауды қамтиды (Заглядывая..., 2014). Осылайша форсайт-зерттеулер – бұл ақпараттандырылған стратегиялық шешімдер қабылдауға бағытталған болашақ тенденцияларды, ықтимал сценарийлерді және әртүрлі салалардағы ұзақ мерзімді өзгерістерді зерттеудің әдіснамалық тәсілі.

Болашақ дамуды форсайт зерттеулерінде қолданылатын әдістер қиял мен техникалық күрделі зерттеулерге тенденцияларды қалыптастырудан бастап, статистикалық болжамдарға дейінгі ең кең ауқымға ие. Форсайт-зерттеулердің негізгі әдістері: сараптамалық сауалнамалар, сценарийлік жоспарлау, жол карталары, технологиялық талдау, желілік талдау, стратегиялық жоспарлау, мониторинг пен бағалау және т.б. (Popper R., 2008). Негізінде форсайт-зерттеулердің кешенділігі әртүрлі әдістер жиынтығын пайдалануды ұсынады, әдістер жиынтығы ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып таңдалады, белгілі бір жобада қолданылуы тиіс әдістердің «мінсіз» жиынтығы жоқ екендігі белгілі. Әрбір нақты ғылыми зерттеуде әдістердің сәйкес үйлесімі қолданылады. Форсайт зерттеулерінде әртүрлі әдістер қолданылады: оқиғаларды субъективті қабылдау тұрғысынан түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін сапалық әдістер; айнымалыларды өлшеуге және статистикалық талдауды қолдануға мүмкіндік беретін сандық әдістер; субъективті пікірлердің, логикалық құрылымдардың және сараптамалық көзқарастардың сандық өлшемдерін қолданатын аралас әдістер (сурет 1).

Сапалық әдістер

Ой-талқы, азаматтық панельдер, конференциялар (семинарлар), сараптамалық панельдер, данышпанның болжамы, сұхбат, әдебиет талдауы, мақсаттар ағаштары (логикалық сызбалар), сценарийлер, SWOT-талдау

Сандық әдістер

Бенчмаркинг, библиометрия, индикаторлар (уақытша қатарлар талдауы), модельдеу, патенттік талдау, тенденцияларды экстраполяциялау, ықпалдарды талдау

Аралас әдістер

Айқас байланыстарды талдау, құрылымдық талдау, Дельфи, кілтті (сындық) технологиялар, көпкритерийлі талдау, сандық сценарийлер, жол карталары, стейкхолдерлер талдауы

Сур. 1. Форсайт-зерттеу әдістері (Popper R., 2008)

Осылайша, су саласындағы форсайт-зерттеулер болашақта су ресурстарын жоспарлау және орнықты басқару үшін маңызды болуы мүмкін. Бұл зерттеулер келесі аспектілерді қамтуы мүмкін:

1. *Климаттың өзгеруін болжау.* Климаттың өзгеруін және олардың тұщы судың қолжетімділігіне және су ресурстарының деңгейіне әсерін талдау.

2. *Сумен жабдықтаудың тұрақтылығы.* Демографиялық және экологиялық өзгерістер контекстінде сумен жабдықтау жүйелерінің тұрақтылығын бағалау.

3. *Технологиялық инновациялар.* Су ресурстарын тиімді басқару мен пайдаланудың жаңа технологияларын зерттеу (ресурстардың ысыраптарын азайту, шығындарды үнемдеу және қоршаған ортаға кері әсерін азайту).

4. *Экологиялық аспектілер.* Су ресурстарының экожүйелеріне адам қызметінің әсерін бағалау және оларды сақтау әдістерін іздеу.

5. *Су жанжалдарын басқару.* Әртүрлі топтар мен елдер арасындағы ықтимал су мүдделері қақтығыстарын талдау, сондай-ақ оларды шешу стратегияларын әзірлеу.

